



UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN



БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ



ҚАЗАҚСТАН

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2021



UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN



БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

ҚАЗАҚСТАН

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2021

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	6
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ЕЛДІК ТОБЫ	8
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ДАМУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ СЕРІКТЕСТЕРІ	10
ТАРАУ 1. ЕЛДІК ЖӘНЕ ӨНІРЛІК КОНТЕКСТЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	12
ТАРАУ 2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ БҰҰ ДАМУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРДЫ ҚОЛДАУЫ	14
2.1 Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының нәтижелеріне шолу	15
2.2 Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының басымдықтары, аралық және түпкі нәтижелері	20
Түпкі нәтиже 1.1: Тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар барлық адамдар үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді	20
Түпкі нәтиже 1.2: Адамдарға тұрақты дамуға үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдылар берілген	22
Түпкі нәтиже 2.1: Адамдарға адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушіліктен азат өмір қамтамасыз етілген	24
Түпкі нәтиже 2.2: Мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдемелер негізінде гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты әзірлеп жүзеге асырады және сапалы қызмет көрсетеді	26
Түпкі нәтиже 3.1: Өндірістік әлеуетті, дағдыларды және тең мүмкіндіктерді нығайта отырып, инклюзивті, төзімді және тұрақты экономикалық даму	28
Түпкі нәтиже 3.2: Климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны тұрақты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандардың тұрақты дамуы	30
«Ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидатын іске асырудағы прогресс	32
2.3 Өріптестікті қолдау және 2030 жылға дейінгі Күн тәртібін қаржыландыру	34
2.4 БҰҰ-ның неғұрлым ауқымды және тиімді бірлескен жұмысының нәтижелері	38
2.5 Қаржылық шолу және ресурстарды жұмылдыру	42
2.5.1 Қаржылық шолу	42
2.5.2 Ресурстарды жұмылдыру	43
ТАРАУ 3. КЕЛЕСІ ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БҰҰ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	44

АЛҒЫСӨЗ

Бұл есеп күнтізбелік 2021 жылға – көп жағынан өте күрделі болған жылға арналған. COVID-19 пандемиясы өмір мен мемлекеттік басқарудың барлық жақтарына әсер етті, ол кезде мектептер бірнеше ай бойы жабық болды, қажеттілігіне қарай әлеуметтік шектеулер енгізіліп, экономика аздап қалпына келудің белгілерін көрсетті. Соған қарамастан, Қазақстан эпидемиологиялық жағдайды басқарудың инновациялық шешімдерін таба отырып, өзінің даму бағдарламасын ілгерілетуді жалғастырды.

Бұл жыл Қазақстан Республикасының Үкіметімен Ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасын іске асырудың басталуымен ерекшеленді. Ең басынан бастап Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) іске асыруда белсенді және мүдделі әріптес бола отырып, Қазақстандағы БҰҰ Елдік тобы (БҰҰ ЕТ) Үкіметпен бірлесіп, 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібін жүзеге асыру жөніндегі Ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасын – Біріккен Ұлттар Ұйымының 2021-2025 жылдарға арналған Тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын (БҰҰ ТДЫНБ) тұжырымдады.

БҰҰ ТДЫНБ-ның үш тақырыптық саласы бар – Адам әлеуетін дамыту және тең қатысу; Тиімді институттар, адам құқықтары және гендерлік теңдік; және Инклюзивті экономикалық өсу және экологиялық тұрақтылық.

БҰҰ бағдарламалары мен іс-шаралары аясында бірнеше негізгі нәтижелерге қол жеткізілді. Мысалы, ауылдық мектептердегі 20000 бала кең жолақты интернетке қол жеткізді; шамамен 4000

осал жастар әлеуметтік инфрақұрылым құру жобаларының нәтижелерін пайдаланды (мысалы, жастар орталықтары); бұрын тыйым салынған 191 кәсіп әйелдер үшін қолжетімді болды; 2,9 млн астам бірлік жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ) және 21000 бірлік жабдық COVID-19 қарсы күрес үшін таратылды.

БҰҰ мен Қазақстан арасындағы серіктестік елдің БҰҰ тарапынан қолдауынан ғана емес, Қазақстанның БҰҰ жүйесіне көрсетіп отырған қолдауынан да көрінеді. 2021 жылғы тамызда Ауғанстандағы ахуалдың қарқынды нашарлауы аясында Қазақстан БҰҰ-ның Ауғанстандағы миссиясының уақытша қоныс аударуды қажет ететін халықаралық персоналының бір бөлігін қабылдап, дереу көмек көрсетті.

Қазақстандағы БҰҰ ЕТ әлеуметтік ұйымшылдықты нығайту, инклюзивтілікті арттыру және нормативтік күн тәртібін ілгерілету мақсатында, сондай-ақ елдің даму саласындағы өзінің өршіл мақсаттарына қол жеткізуге ұмтылатынын ескере отырып, Қазақстанмен ынтымақтастықты ұстанады. БҰҰ ЕТ адам құқықтары мен инклюзивті ұлттық диалогқа, гендерлік теңдікке және барлық адамдардың (ешкімді назардан тыс қалдырмауға баса назар аудара отырып) құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге негізделген экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғырту арқылы дені сау және білімді халықты, жасыл экономиканы және тұрақты ауыл шаруашылығын, өркендеген бизнесті және баршаға арналған кепілдік берілген адам құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалық міндеттемелер шеңберінде елді қолдауды жалғастыратын болады.



Микаэла Фриберг-Стори

БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы
Тұрақты үйлестірушісі
Наурыз, 2022 жыл

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ЕЛДІК ТОБЫ

БҰҰ Елдік тобы (БҰҰ ЕТ) барлық әйелдер мен ерлер, қыздар мен ұлдар, әсіресе халықтың неғұрлым осал топтары үшін неғұрлым өркендеген және қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасау жолында Қазақстан халқымен және Үкіметімен, сондай-ақ басқа да даму жөніндегі әріптестермен жұмыс істейді. БҰҰ ЕТ экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғырту, инклюзивті қоғам құру, баршаға тең құқықтарды қамтамасыз ету және көпжақты және өңірлік ынтымақтастықты тереңдетуді қоса алғанда, елдің даму бағдарламасын қолдайды.


Қазақстандағы БҰҰ ЕТ құрамына **20 резидент ұйым:**



және **7 резидент емес ұйымдар** кіреді:



2021 жылы ХЕҰ, ХЭО және ЮНОПС ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасына қосылды.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ДАМУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ СЕРІКТЕСТЕРІ

Қазақстандағы БҰҰ Елдік тобының 2021-2025 жылдарға арналған БҰҰ ТДЫНБ іске асыруды дамыту бойынша негізгі серіктестерінің қатарына мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам ұйымдары, жергілікті ҮЕҰ, білім беру мекемелері және жеке сектор кіреді. Серіктестер қаржылық ресурстар мен ақпараттық-түсіндіру қызметі, саясат, білім мен ақпарат алмасу, әлеуетті дамыту, техникалық ынтымақтастық және инновациялар мәселелері бойынша диалог арқылы бағдарламалық міндеттемелер мен нормативтік күн тәртібін қолдайды.

Ұлттық серіктестер:

- Президент Әкімшілігі
- Сыртқы істер министрлігі, басқа мемлекеттік құрылымдарға қол жеткізу жөніндегі үйлестіруші орган
- Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстанда ТДМ іске асыру бойынша ұлттық құрылым хатшылығы
- Басқа негізгі мемлекеттік министрліктер, агенттіктер және комиссиялар
- Парламент
- Сенат
- Жоғарғы Сот және жергілікті соттар
- Жоғары оқу орындары мен мектептер
- Жекелеген өңірлердің әкімдіктері (муниципалитеттер)

Үкіметтік емес серіктестер:

- Азаматтық қоғам (ҮЕҰ, ғылыми орта, сараптамалық орталықтар, әйелдер топтары және т.б.)
- Кәсіподақтар мен жұмыс берушілер қауымдастығы
- Жеке сектор, соның ішінде технологиялық стартап орталықтары
- Діни көшбасшылар
- ЛГБТИ қауымдастығы
- Осал топтар, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар (МБА) және ЖҚТБ-мен өмір сүретін адамдар (ЛЖВ)
- Қандастар (этникалық қазақ репатрианттары)
- Білім беру мекемелері
- Инновациялық зертханалар
- Жастар және жастар ұйымдары
- Қолөнершілер

2021 жылы көмек көрсету бойынша серіктестер қатарында Қазақстан Үкіметі, Азия даму банкі, Германия, Жапония, Нидерланды, Швейцария және АҚШ үкіметтері, Еуропалық Одақ, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Ғаламдық экологиялық қор, ЖҚТБ-мен, туберкулезбен және безгекпен күрес жөніндегі жаһандық қор, ТДМ Біріккен қоры, Даму және ынтымақтастық жөніндегі Швейцария агенттігі және АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігі болды.



1

ЕЛДІК ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



2020 жылы COVID-19-ға байланысты ЖІӨ төмендеуінен кейін (2,5%-ға) Қазақстан экономикасы 2021 жылы қалпына келіп, 4%-ға өсті. Бұл ішінара Үкіметтің экономикалық қалпына келтіруді қолдау үшін қабылдаған батыл саяси шараларының арқасында болды. Сонымен қатар жылдық инфляция 8,4% деңгейіне жетті, бұл 2016 жылдан бергі ең елеулі өсім болып табылады. Күрт өсу тауар нарықтарындағы теңгерімсіздікке, жеткізілім тізбегіндегі жаһандық кедергілерге, пандемиядан кейін азық-түлік емес тауарларға ішкі сұраныстың төмендеуіне және коммуналдық тарифтердің өсуіне байланысты болды.

Сарапшылар экономиканы қалпына келтірудің біркелкі еместігін атап өтті, өйткені пандемия жан басына шаққандағы кірістің төмендеуіне және кедейлік деңгейінің жоғарылауына әкелді. Дүниежүзілік банктің болжамдары бойынша, COVID-19 індетінің ұзаққа созылған салдарынан кедейлік пен теңсіздік артуы мүмкін.

Қазақстан парникті шығарындыларды қысқарту және төмен көміртекті экономикаға көшу бойынша жаһандық деңгейде өзіне міндеттемелер алды. 2021 жылғы қазанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясында (COP26) Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртекті бейтарап мемлекет болу жоспарын жариялады.

2021 жыл барысында бірқатар саяси реформалар жүзеге асырылды: Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заң жобасын қабылдау; өлім жазасын жою қадамын іске асыру; шілде айында 730 (2345-тен) ауылдық округ әкімдерінің (мэрлерінің) тікелей сайлауын тарихта алғаш рет өткізу. Осы реформалардың барлығы ТДМ-ға қол жеткізуге ықпал етсе де, Үкімет мәлімдеген адам құқықтары мен гендерлік теңдіктің жан-жақты көрінісін жүзеге асыру үшін әлі де көп жұмыс істеуі керек.

Ауғанстан / ЮНАМА

2021 жылдың тамыз айында Ауғанстандағы жағдай тез нашарлап, елдегі БҰҰ қызметкерлеріне уақытша қоныс аудару қажет болды. Қазақстан халықаралық персоналды қабылдауға бірден келісті. 2021 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін Алматы Ауғанстандағы БҰҰ қызметкерлерін ротациялау үшін уақытша орталық болып қызмет етті. БҰҰ Тұрақты үйлестірушісінің кеңсесімен және Қазақстанның барлық тиісті мемлекеттік органдарымен тығыз ынтымақтастықта ЮНАМА ұйымдастырған әуе гуманитарлық көпірі БҰҰ-ға Ауғанстан халқына өмірлік маңызды көмек көрсетуді минималды кідіріспен жалғастыруға мүмкіндік берді. ҚР Сыртқы істер министрлігі бұл бастаманы қолдауда шешуші рөл атқарды.

2

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ БҰҰ ДАМУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРДЫ ҚОЛДАУЫ



2.1 Ынтымақтастық негіздемелік бағдарламасының нәтижелеріне шолу

Қазақстандағы БҰҰ жүйесі елдің ТДМ-ға қол жеткізуге бейілділігін табанды түрде қолдайды. 2021-2025 жылдарға арналған БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының (БҰҰ ТДЫНБ) мақсаты Үкіметтің ТДМ-ға қол жеткізуіне мүмкіндік беретін тұрақты экономикалық жағдайды жақсарту ғана емес, сондай-ақ адамдарға дауыс беру құқығын және шешімдер қабылдауға белсенді қатысуы үшін құралдар беру арқылы олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту болып табылатынын растай отырып, ТДМ-ның трансформациялық сипатына қатты екіпін қояды.

2021 жылы Қазақстандағы БҰҰ ЕТ Үкімет, азаматтық қоғам, жеке сектор, ғылыми топтар, БАҚ және Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында басқа да серіктестермен ынтымақтастықты нығайту бойынша жұмыс істеді.

Қазақстан бетпе-бет келіп отырған кейбір сын-қатерлер көпшілігі теңізге шыға алмайтын елдер мәртебесіне ие болғандықтан субөңір елдерінде анықталған даму саласындағы жалпы проблемалармен байланысты. БҰҰ-ның Қазақстанның субөңірлік ынтымақтастық іс-шаралары мен бастамаларына қатысуын қолдауы су ресурстары, энергетика, қоршаған орта, орнықты келік, транзит және байланыс, сауда, статистика, білімге негізделген даму және гендерлік теңдік сияқты салаларда ТДМ нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

БҰҰ ТДЫНБ іс-шаралары үш стратегиялық бағыттың төңірегінде ұйымдастырылған:

- 1. Адамдар:** адами әлеуеттің дамуы және тең қатысу
- 2. Бейбітшілік:** тиімді институттар, адам құқықтары және гендерлік теңдік
- 3. Өркендеу және планета:** инклюзивті экономикалық өсу және экологиялық тұрақтылық

Осы негізгі бағыттар шеңберінде 2021 жыл барысында БҰҰ ЕТ өз қызметінде басшылыққа алған алты түпкі нәтиже айқындалды:

• **Түпкі нәтиже 1.1:** Тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар барлық адамдар үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

• **Түпкі нәтиже 1.2:** Барлық адамдарға тұрақты дамуға үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдылар берілген.

• **Түпкі нәтиже 2.1:** Адамдарға адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітуден, зорлық-зомбылықтан және қауіп-қатерден еркін өмір сүру, сондай-ақ шешімдер қабылдауға тең құқылы қатысу қамтамасыз етілген.

• **Түпкі нәтиже 2.2:** Мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдемелер негізінде гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты әзірлеп жүзеге асырады және сапалы қызмет көрсетеді.

• **Түпкі нәтиже 3.1:** Өндірістік әлеуетті, дағдыларды және тең мүмкіндіктерді нығайта отырып, инклюзивті, төзімді және тұрақты экономикалық даму.

• **Түпкі нәтиже 3.2:** Климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны орнықты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандардың тұрақты дамуы.



2021-2025 жылдарға арналған БҰҰ ТДЫНБ басқару құрылымы БҰҰ ЕТ мен оның серіктестері арасындағы тиімді стратегиялық альянстарға жәрдемдесу мақсатында ТДМ іске асырудың ұлттық үйлестіру тетіктеріне сәйкес әзірленді. БҰҰ ТДЫНБ басқару құрылымы ТДМ іске асырудың ұлттық үйлестіру тетіктерімен үлкен келісушілікті қамтамасыз ету және ТДМ міндеттеріне қол жеткізу үшін бірлескен мониторинг пен есептілікті жақсарту нәтижелері бойынша жоғары деңгейдегі басқару комитетін және үш топты қамтиды.

2021 жылы БҰҰ ЕТ халықаралық тәжірибе мен озық практика, сондай-ақ нақты салалардағы жоғары сапалы техникалық сараптамалық білім негізінде саясат мәселелері бойынша консультациялар саласында тәуелсіз қызметтер жеткізуші ретінде өзінің салыстырмалы артықшылықтарын тиімді пайдаланды. 25-тен астам министрліктер мен үкіметтік мекемелер БҰҰ-ға қолдау үшін жүгінді.

Басшылыққа алынатын қағидаттар

БҰҰ ТДЫНБ 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы күн тәртібімен келісілген, сондықтан Күн тәртібінің 5 негізгі бағытын (Адамдар, Планета, Өркендеу, Бейбітшілік және Серіктестік) басшылыққа ала отырып, кешенді және көп өлшемді бағдарламалық тәсілді көздейді.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының БҰҰ-ның нормативтік рөліне үлкен екіпін қоюы «ешкімді назардан тыс қалдырмау», гендерлік теңдік, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, адам құқықтары негізіндегі тұрақтылық пен тәсілдеме қағидаттарының үрдістің әрбір кезеңінде нық бекітілгенін білдіреді.

Бұл қағидаттар нәтижелерге бағдарланған басқаруды енгізуді, **экологиялық тұрақтылықты** қамтамасыз етуді және **гендерлік аспектілерді ескере отырып бағдарламалар әзірлеуді** көздейді.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы әлеуетті дамыту, ашықтық пен есептілік жүйелерін нығайту, сондай-ақ сапалы әлеуметтік қызметтер көрсету арқылы адами даму мен әділ экономикалық өсуді ілгерілетуге бағытталған «Қазақстан 2050» Стратегиясын да нығайтты. Сондай-ақ, БҰҰ ТДЫНБ «Қазақстан 2050» стратегиясында баяндалған іс-қимылдардың толассыз қағидаттарын, атап айтқанда, қызмет көрсетуді қолдаудан бас тартуды және даму үшін, әсіресе халықтың осал топтары үшін жалпы қолайлы ортаны нығайту үшін «төменнен жоғары» қағидаты бойынша саясатты әзірлеуге және ақпараттық-түсіндіру қызметіне одан әрі шоғырландыруды күшейтті.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы арқылы климаттың өзгеруі мен табиғи апаттардың әсерін ескере отырып, теңгерімді және тұрақты экономикалық өсуді, әлеуметтік әл-ауқат пен қоршаған ортаны басқаруды қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді.

2030 жылға дейінгі Күн тәртібіне қол жеткізу үшін серіктестік қатынастарды құру барлық мүдделі тараптармен еркін, белсенді және маңызды қатысу негізінде, әсіресе ең осал жағдайдағы адамдармен тығыз қарым-қатынасты талап етеді. Инклюзивтілік,

гендерлік теңдік, жастар, байырғы халықтар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға көбірек көңіл бөлінеді.

Негізгі жетістіктер

2021 жылы БҰҰ бағдарламалары мен іс-шараларының нәтижесінде:



75 500

астам адам вакциналар туралы алғашқы ұлттық веб-сайтты қолданды



Ауыл мектептеріндегі

20 000

бала кең жолақты интернетке қол жеткізді



4 000

осал жастар шәкіртақы алды



Осал жағдайдағы

2 500

мигрант қорғаныс пен көмек алды



314

тауар Сауда рәсімдерін жеңілдету жөніндегі порталға енгізілді



40

ҮЕҰ Білім порталын құру үшін күш біріктірді



3

Әйелдер кәсіпкерлігінің орталықтары ашылды



Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған «Нұр сәулесі» бастамасының өңірлік бағдарламасы

Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған, негізінен Еуропалық Одақ қаржыландыратын және БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі басқаратын «Нұр сәулесі» бастамасының өңірлік бағдарламасы жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылыққа (ЖГЗ) және оның зиянды түрлеріне мүлдем төзбеушілік ортасын құруға бағытталған. Бағдарламаның 2021 жылғы негізгі жетістіктерінің ішінде:



- Азаматтық қоғамның өңірлік консультативтік тобы және өңірдің азаматтық қоғам ұйымдары (АҚҰ) ЖГЗ саласындағы ұлттық заңнамаға және құқық қолдану практикасына шолу жүргізу және ЖГЗ саласындағы ұлттық заңнаманы әзірлеуге басшылық жасау үшін олардың халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкестігі үшін бірыңғай әдістеме әзірледі.

- Жоғарыда көрсетілген әдістеме негізінде Орталық Азиядағы әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты (ӘҚЗЖ) және практиканың зиянды түрлерін жою мәселелерін реттейтін ұлттық нормативтік-құқықтық базалардың шолу жобалары әзірленді.

- Бағдарлама COVID-19 індеті жағдайында Орталық Азиядағы дағдарыс орталықтары мен қызметтерінің жұмысын баяндайтын «Үндеулер» жарияланымдар сериясын шығаруға қолдау көрсетті.

- Орталық Азияның жастар ұйымдары мен жастарға қызмет көрсететін ұйымдардың 38 өкілі өңірлік форумға қатысып, онда олар ЖГЗ алдын алу бойынша нақты мысалдар және озық тәжірибемен алмасты, сондай-ақ өздерінің стратегиялық және коммуникациялық дағдыларын жақсартты.

- 600-ден астам әйелдер бойынша азаматтық қоғам ұйымдары мен белсенділердің мәліметтер базасы құрылды, сонымен қатар гранттар беру бойынша нұсқаулық жасалды.



COVID-19 қарсы күрес жөніндегі шараларды іске асыру барысында қол жеткізілген нәтижелер

2021 жыл барысында Қазақстанда COVID-19 ауруының 1035496 жағдайы тіркелді, оның ішінде тіркелген өлім-жітім саны 15149 құрады. Күнделікті жаңа COVID-19 жағдайларының көбеюі және дерттің ауырлығы мен оның клиникалық көріністерінің айтарлықтай өзгеруі нәтижесінде стационарлық емдеуге, ауруханадан кейінгі бақылауға және оңалтуға қажеттілік артты, бенефициарлардың сұрау салуларының саны, сондай-ақ басқа қызметтерге сұраныс артты (вебинарларды қоспағанда).

2021 жылғы басты міндет – пандемия басталғаннан кейін пайда болған құзыреттер мен сараптамалық тәжірибені қолдау және COVID-19 күресу шараларын одан әрі күшейту. 2021 жылы COVID-19 байланысты Қазақстаннан медициналық эвакуация (MEDEVAC) қызметтері сұранысқа ие болған кезде, БҰҰ денсаулық сақтау қызметкерлері мен COVID-19 шалдыққан пациенттерге медициналық қамтамасыз етуге сұранысты қанағаттандыру үшін пайдаланылған 8,6 млн АҚШ долларынан астам қаражат жұмылдырылды.

Осы іс-шаралардың нәтижесінде БҰҰ келесі көмек көрсетті:

- 2,9 млн астам ЖҚҚ заттары және 21000 бірлік жабдық (босқындар мен пана іздеушілерге арналған 98100-ден астам хирургиялық бетперделерді және құжаттары жоқ азаматтығы жоқ адамдарға арналған 6500 хирургиялық бетперделерді қоса алғанда) таратылды.
- Осал отбасыларға 190000 медициналық жинақ жеткізілді.
- Қазақстанның көптеген медициналық мекемелерінде денсаулық сақтау бойынша 40000 нұсқаулық таратылды.
- 4500 медицина қызметкері COVID-19 пациенттерін емдеу бойынша оқытудан өтті.
- 2000 астам медицина қызметкері COVID-19 вакцинасын қолдану және суық тізбекті басқару бойынша оқытудан өтті.

- Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, нақты деректер негізінде ауруларды емдеу және алдын алу және бақылау бойынша сегіз ұлттық нұсқаулық әзірленді.

- Сапаны сырттай бағалау бағдарламасына 47 зертхана қатысты.

- COVID-19 және қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін нығайтуға байланысты жергілікті денсаулық сақтау мамандарына нақты техникалық қолдау көрсету үшін алты өңірлік іс-сапар ұйымдастырылды.

- Санитарлық-эпидемиологиялық бақылаудың барлық 17 өңірлік бөлімдері үшін IT-жабдықтар сатып алынды және сыйға берілді.

Бұдан басқа БҰҰ Қазақстандағы халықтың неғұрлым осал топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әлеуметтік қызметтердің цифрлық моделін енгізуді жеделдетуді ұсына отырып, COVID-19 бойынша Көпсеріктестік трасттық қорға (КСТҚ) өтінімді сәтті ұсынды. Осы жоба шеңберінде Қазақстан халқының неғұрлым осал топтары туралы ақпаратты тез және тиімді жинауға, біріктіруге және өңдеуге қабілетті платформаны құру үшін қолда бар цифрлық құралдар пайдаланылады. Содан кейін бұл ақпарат осал топтарды қолдауға арналған өтінімдерді кешенді негізде талдайтын, анықтайтын және өңдейтін кең серіктестік экожүйеге енеді.

Өз персоналына медициналық қызмет көрсетуге келетін болсақ, БҰҰ ЕТ БҰҰ шығыстарын бөлу тетігі арқылы қаржыландыру кезінде First Line of Defence (FLOD – Қорғаудың бірінші желісі) жобасын іске асырды, оның шеңберінде 2021 жылғы мамырдан бастап Қазақстанда COVID-19 байланысты сенімді медициналық қызметтер көрсетіледі. Қызмет көрсету қажеттілігі өскендіктен, ауруханаларда емделген және ауруханадан шыққаннан кейін одан әрі медициналық кеңес пен қолдауды қажет ететін барлық бенефициарларды бақылауға көп көңіл бөлінді. Жоба 2022 жылдың 30 сәуіріне дейін алты айға ұзартылды.

2.2 Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының басымдықтары, аралық және түпкі нәтижелері

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 1.1:

Тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар барлық адамдар үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді



75 500

астам адам вакциналар туралы алғашқы ұлттық веб-сайтты қолданды



80 000

адам некеге тұрар алдында ЖГЗ алдын алу және жауапты ата-ана болу бойынша ақпарат алды



274

босқындар мен пана іздеушілер ақшалай гранттарға ие болды



40

ҰЕҰ Білім порталын құрды

2021 жыл бойы БҰҰ тең қолжетімділікті, тиімді бағдарламалар мен әлеуметтік қорғау қызметтерін қамтамасыз етуге байланысты үкіметтік және ұлттық стратегияларды қолдады. Осы мақсатта БҰҰ ұлттық нормативтік-құқықтық базаларға шолу және гендерлік бағалау жүргізді, сондай-ақ заңдық талдау жүргізуді ұсынды және деректерді жинау, талдау және ұсынуға қолдау көрсетті.

Мысалы, БҰҰ Үкіметке 2022 жылдың соңында Парламентке жіберілетін әлеуметтік қорғаудың құқықтық базасын (әлеуметтік көмек алушылардың санаттары, оларды қосу шарттары және жәрдемақы мөлшері туралы бөлімді қоса алғанда) нығайту үшін әлеуметтік кодексті әзірлеуде техникалық қолдау көрсетті. Сонымен қатар БҰҰ 2022-2026 жылдарға арналған көші-қон саясатын әзірлеуге және босқындар мен пана іздеушілерге мемлекеттік әлеуметтік қорғау қызметтеріне қолжетімділікті жеңілдететін баспана туралы ұлттық нормативтік-құқықтық базаны нығайту үшін әлеуметтік кодексті әзірлеуге техникалық қолдау көрсетті. Екі құжатты да үкімет 2022 жылы мақұлдайды деп күтілуде.

2021 жыл ішінде барлығы үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында БҰҰ ұйымдастырған әлеуетті арттыру бойынша 2000 астам адам дайындықтан өтті. 15 астам тренинг 2021 жылғы ЖҚТБ-ның жаһандық мониторингі бойынша есептіліктен бастап, босанғанға дейінгі тиімді күтімге дейінгі түрлі тақырыптарды қамтыды. Мысалы, АИТВ және басқа да созылмалы аурулармен ауыратын 400 жасөспірім өзіне-өзі көмек көрсету және салауатты өмір салты шаралары туралы білді, ал 40 психолог пен әлеуметтік қызметкер гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына арналған медициналық қызметтермен танысты. Бұдан басқа, бес пилоттық өңірде жергілікті билік органдарының өкілдері, денсаулық сақтау және психоәлеуметтік қызмет қызметкерлері, полиция және сот төрелігі органдарының қызметкерлері, сондай-ақ дағдарыс орталықтары мен АҚҰ қызметкерлерінен тұратын 258 қатысушы тұрмыстық



зорлық-зомбылыққа ден қоюдың көп секторалдық тегінің әрекет ету қағидаттарымен танысты.

Кең аудиторияны қамту үшін репродуктивті денсаулық туралы ақпарат **Брайль** қарпіне аударылып, оңай оқылатын түрде ұсынылды, сондай-ақ қазақ және орыс ымдау тілдеріндегі бейнероликтердің көмегімен таратылды. БҰҰ сондай-ақ вакциналар мен иммунитет туралы 11 бейнеролик, стационарлық перинаталдық көмек сапасын басқару бойынша оқу бағдарламалары, балалар тағамының көрсеткіштерін қолдану бойынша оқу материалдарын әзірледі, сондай-ақ келушілер саны 75500 адамнан асқан вакциналар туралы ақпаратқа арналған алғашқы ұлттық веб-сайтты іске қосты.

Негізгі сын-қатерлер:

- Медициналық бұйымдарды сатып алу саласындағы ұлттық заңнаманың күрделілігі мен ерекшеліктері.
- Саясатта гендерлік тәсілді ілгерілету үшін бейілділік пен әлеуеттің болмауы.

Азаматтығы жоқ балаларға көмек

Үш жасар Тимур мен оның төрт айлық ағасы Қазақстанда дүниеге келген, бірақ анасы ел шекарасынан заңсыз өткендіктен, олардың азаматтығы болмады. Нәтижесінде оларға туу туралы куәлік берілмеді, яғни олардың ешқайсысы білім беру қызметтерін, заңды немесе әлеуметтік көмек ала алмады. Көп ұзамай Тимур мектепке бару керек болады, бірақ заңды құжаттарсыз ол білім ала алмайды. Алайда, БҰҰ қолдауымен жергілікті «Сана сезім» ҰЕҰ заң тобы Тимурдың анасына балаларының туу туралы куәліктері мен азаматтығын, сондай-ақ Тимур үшін балабақшадан орын алуға көмектеседі.



Жалпы шығындар: **\$6.37 млн**



Түпкі нәтижеге қол жеткізуге қатысатын БҰҰ агенттіктері:



ТҮПКИ НӘТИЖЕ 1.2:

Адамдарға тұрақты дамуға үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдылар берілген



20 000

бала кең жолақты интернетке қол жеткізді



9 000

жас құрдастар Youth Peer білім беру жастар желісі шеңберінде дайындықтан өтті



5,000

бала STEM байланысты бағдарламаларға қатысты



729

мектеп «Денсаулық нығайтуға ықпал ететін мектептер» бағдарламасының құралдарын қолдану бойынша дайындықтан өтті



7

босқын шәкіртақы алды



БҰҰ ұйымдастырған семинарлар мен курстардың арқасында еңбек дағдылары, оқушылардың денсаулығы және «Әділеттілік үшін білім беру» құралдары сияқты мәселелер бойынша 22000 астам адам өздерінің әлеуетін нығайтып, хабардарлықты арттырды. Мысалы, 7000 жуық бастауыш және орта мектеп мұғалімдері цифрлық аралас оқыту дағдыларын алды. 9000 жас маман Y-PEER желісінің жыныстық және репродуктивті денсаулық және АИТВ-ның алдын алу бойынша нұсқаушысы болуға дайындықтан өтті.

Технологиялық білім мен әлеуетті арттыру мәселелері БҰҰ қызметінде маңызды орын алады. GIGA бастамасының мақсаты – әр мектепті интернетке қосу және әр баланың ақпаратқа, мүмкіндіктерге және таңдауға қолжетімділігін қамтамасыз ету. 2021 жылы GIGA бастамасының ұлттық деңгейдегі басқару комитеті құрылды. Сонымен қатар 38 ауылдық мектептердегі 20000 бала кең жолақты интернетке қол жеткізді; 7400 мектептің қосылу мәртебесі анықталды; БҰҰ STEM-білім беруді институттандыру және мектепке дейінгі және орта білім беру және ТКБО деңгейінде дағдыларды дамыту үшін бес жылдық ұлттық жол картасын (2021-2025 жылдар) қолдады. Сонымен қатар 5000 бала мен жастар наноспутниктерді құруға, волонтерлік жұмысқа, әлеуметтік инновациялар мен әлеуметтік кәсіпкерлік бағдарламаларына қатысты.

Сондай-ақ, басымдықтардың бірі тұрақты даму саласындағы хабардарлық пен тәжірибені арттыру болды. #BeGreen бастамасының арқасында 13850 бала климаттың өзгеруі және суды саналы тұтыну мәселелерінде өздерінің хабардарлығы мен сауаттылығын арттырды. Оған қоса БҰҰ бастауыш және орта мектептердің оқу бағдарламаларына шолу жасап, оларды тұрақты даму мақсатында білім беру қағидаттарын оқу бағдарламаларына енгізу бойынша ұсынымдар дайындады.

COVID-19 жауап ретінде БҰҰ азаматтық қоғамнан 1803 онлайн-еріктілерді мектептерде қорлауды болдырмауға, пластикті қолдануды азайтуға,

балалардың құқықтары туралы хабардар болуға және апат қаупін азайтуға байланысты іс-шараларға жұмылдырды.

STEM-білім беру және тұрақтылық мәселелерінен басқа БҰҰ мемлекеттік шенеуніктер, Парламент мүшелері, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және басқа да мүдделі тараптармен Қазақстандағы босқындар мен пана іздеушілердің қазіргі жағдайы, олардың білім алуға қол жеткізуіне кедергі келтіретін ұлттық заңнамадағы олқылықтар, жағдайын жақсарту мен құқықтарын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар туралы хабардарлықты арттыру бойынша кездесулер өткізді.

Негізгі сын-қатерлер:

- Интернетке тең емес қолжетімділік, нәтижесінде COVID-19 салдарынан онлайн оқытуға көшуге байланысты білім сапасы мен үлгерім деңгейі төмендеді.
- Жастардың азаматтық қоғам бастамаларына қатысу деңгейінің төмендігі.
- Гендерлік теңдікті ілгерілету және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ұлттық заңнаманы күшейту қажеттілігі.

Тұрақты даму менен басталады

16 жастағы мектеп оқушысы Ислам Жерғалбаев БҰҰ ұйымдастырған «Тұрақты даму менен басталады» республикалық трансформациялық марафонына қатысқан кезде ол «бұл колледжге түсу үшін құжаттарға қосымша ғана болады» деп ойлады. Алайда ол тамақтану, спорт, экология және психикалық денсаулық дағдыларын, оның ішінде өзінің күнделікті рационын жоспарлау және қалдықтарды сұрыптай білу дағдыларын иеленіп келе жатқанын тез түсінді. Өздерінің психикалық және физикалық денсаулығына, дұрыс тамақтануы мен мінез-құлқына жаңаша көзқараспен қарау үшін марафонға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 12-45 жас аралығындағы 1400 астам қатысушы қосылды. «Мен өз қалауым мен мақсаттарымға зейін қойдым және оларға қол жеткізуге көмектесетін білім алдым», - дейді Ислам.



Жалпы шығындар:

\$1.67 млн



ТДМ қолдау:



Түпкі нәтижеге қол жеткізуге қатысатын БҰҰ агенттіктері:



ТҮПКІ НӘТИЖЕ 2.1:

Адамдарға адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушіліктен азат өмір қамтамасыз етілген



3.1

млн адам балаларға қатысты зорлық-зомбылықты алдын алу бойынша науқандармен қамтылды



191

кәсіп әйелдерге қолжетімді болды



20 000

оқушы мен 3000 ата-ана буллингке қарсы бағытталған BeKind бастамасымен қамтылды



54

БАҚ пен ҰЕҰ көші-қон мәселелерін этикалық түрде жариялауды үйренді

2021 жыл барысында БҰҰ Әйелдердің жанжалдарды алдын алу мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тең құқылы және жан-жақты қатысуы жөніндегі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1325 қарарын іске асыру жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған ұлттық іс-шаралар жоспарын және Парламент қабылдаған Қазақстандағы адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралардың ұлттық жоспарын әзірлеуге үлес қосты.

Сондай-ақ, БҰҰ гендерлік аспектілерді ескере отырып, ұлттық бюджеттің қалыптасуына ықпал етті, ұлттық және жергілікті бюджетті жоспарлау мен қадағалауды жақсарту үшін саясат мәселелері бойынша кешенді консультациялар берді, Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу туралы заңға құқықтық талдау жүргізді және гендерлік теңдікті ілгерілетуге бағытталған заң жобасын әзірлеуге қатысуды жандандыру үшін бірқатар қоғамдық кездесулер ұйымдастырды. БҰҰ-ның ақпараттық-түсіндіру қызметінің арқасында Қазақстан Президенті елдің гендерлік зорлық-зомбылық проблемаларын шешуге және экономикалық әділеттілік пен құқықтарды ілгерілетуге бейілділігін растады, ал еңбек кодексінен әйелдерге 191 кәсіп бойынша жұмыс істеуге тыйым салатын шектеулер алынып тасталды.

2021 жылы омбудсмендер, адам құқықтары жөніндегі институттар, үкімет, азаматтық қоғамдар, халықаралық ұйымдар кеңселерінің 51 өкілі мен

Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстанның гендерлік сарапшылары кездесу өткізіп, әйелдердің құқықтары мен мәртебесін жақсарту және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастық перспективаларын айқындады. Өңірлік күш-жігер Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның 60 астам құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін гендерлік мәселелерді есепке алу және құқық қорғау органдарында адам құқықтарын сақтау бойынша өңірлік онлайн-курсты өткізуді де қамтыды.

2021 жыл бойы БҰҰ сот жүйесінің өкілдерімен халықаралық және өңірлік құқықтық негіздер бойынша семинарлар өткізу, Қазақстанда медиазаңгерлер желісін құруды қолдау және Қазақстанда журналистер қауіпсіздігін бағалау туралы баяндамамен жұмысты аяқтау үшін семинар ұйымдастыру арқылы пікір білдіру бостандығына, ақпаратқа қолжетімділікке және журналистердің қауіпсіздігіне ықпал етті.

БҰҰ Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп, азаматтығы жоқ адамдар туралы сандық және сапалық деректерді жетілдіру, оның ішінде азаматтық және азаматтығы жоқ мәселелер бойынша есептегіштерді дайындау мақсатында ақпараттандыру және әлеуетті арттыру бойынша іс-шаралар өткізді. Сонымен бірге БҰҰ азаматтығы белгісіз 6000 астам адамды тіркеді, ал азаматтығы жоқ адамдарды анықтау науқаны 2022 жылдың мамырына дейін ұзартылды.

Оған қоса 2021 жылы БҰҰ Үкіметтің, кәсіподақтардың және жұмыс берушілер ұйымдарының Кәсіподақтар туралы Заңға және Еңбек кодексіне, Қылмыстық кодекске және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰКП) туралы Заңға түзетулерді сақтауына және қызметкерлердің өз қалауы бойынша ұйымдар құру және оларға кіру құқығын қамтамасыз ететін қауымдастықтар бостандығына қолдау көрсетті.

Негізгі сын-қатерлер:

- COVID-19 пандемиясынан туындаған қиындықтар.
- COVID-19 салдарына жауап беру және қалпына келтіру мақсатында Үкімет басымдықтарының өзгеруі.
- Жоспарланған бастамаларды іске асыру үшін донорлық қолдаудың шектеулі болуы.



Жалпы шығындар: **\$2.22 млн**



ТДМ қолдау:



Түпкі нәтижеге қол жеткізуге қатысатын БҰҰ агенттіктері:



ТҮПКІ НӘТИЖЕ 2.2.

Мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдемелер негізінде гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты әзірлеп жүзеге асырады және сапалы қызмет көрсетеді



2 512

осал жағдайдағы мигрант қорғаныс пен көмек алды



1 500

мемлекеттік қызметші іс жүргізу және әлеуметтік жұмыс дағдыларын жақсартты



8

жергілікті азаматтық қоғам ұйымдары техникалық және басқару дағдыларын жақсартты



25

журналист қарт адамдар құқықтарымен және жасқа байланысты стереотиптермен танысты



2021 жылы БҰҰ балаларға қатысты зорлық-зомбылықты алдын алу және оған жауап беру жүйесін бағалау; осы жүйені нығайту үшін стратегиялық құжаттар дайындау; заңнамадағы олқылықтарды анықтау және көші-қон жағдайындағы балаларды қорғау туралы заңдарға түзетулерді негіздеу үшін ұсыныстар әзірлеу; террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту қағидаларының жобасына заң сараптамасын жүргізу; сондай-ақ 2022 жылы әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық бойынша зерттеп-қараудың әдістемесін және деректер жинау, іріктеу, сауалнама құралдарын әзірлеу арқылы балаларға қатысты гендерлік сезімтал және адам құқықтарына негізделген саясат пен сапалы қызметтерді дамытуға ықпал етті.

Сонымен қатар 230 маман балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау, қайта бағыттау және әрекет ету саласындағы өз әлеуетін нығайтты, ал сот төрелігі жүйесінің 250 астам тәжірибелік қызметкері қақтығыс аймақтарынан оралған балалардың жағдайын жақсарту үшін кешенді және тұрақты көп секторлы іс-қимыл саласындағы дағдыларын арттырды.

Қазақстандағы қарт адамдарға арналған саясат пен қызметтерді әзірлеуге жәрдемдесу үшін БҰҰ Мадрид халықаралық қартаю мәселелері жөніндегі іс-қимыл жоспарының (MIRPA) ұлттық есебін және «Қазақстанның қарт адамдары» статистикалық жылнамасын әзірлеуді қолдады; қартаю мәселелері жөніндегі статистикалық деректер жүйесін жақсарту үшін Ұлттық статистика бюросына (ҰСБ) техникалық көмек көрсетті; сондай-ақ веб-сайттар, әлеуметтік медиа және теледидар арқылы таратылған қарт адамдардың жай-күйі, қажеттіліктері мен мүдделері туралы коммуникациялық материалдарды дайындады. Сонымен қатар, саясатты әзірлеуге және шешім қабылдауға жауапты адамдардың, ғылыми орта өкілдері мен АҚҰ мамандарының қатарынан 78 адам елдегі қарт адамдардың жағдайына, қажеттіліктері мен

мүдделеріне қатысты өз білімдерін арттырды және дағдыларын жақсартты.

Осы атқарылған жұмыстарға қосымша БҰҰ бір адамға шаққанда АИТВ-ны алдын алу қызметтері тарифтерін әзірлеуді қолдады. Нәтижесінде мемлекеттік қаржыландыру 14% өсті; гендерлік факторларды ескере отырып, бюджетті құру бойынша бейне курс әзірлеп шығарды; мемлекеттік қызметке үміткерлердің түсу емтихандарының прокторинг (бақылау) жүйесін жасады; мемлекеттік қызметшілерді сындарлы ойлауға және басқаруға оқыту бағдарламасын іске қосты; сондай-ақ тұтқындармен қарым-қатынас жасау бойынша БҰҰ-ның ең төменгі стандарттық ережелері мәселелері бойынша түрмелердің 2500 астам қызметкерін және адам құқықтары стандарттарына полицияның сәйкестігін арттыру үшін Қауымдық полиция моделі мәселелері бойынша 120 мемлекеттік қызметшіні даярлауды ұйымдастырды.

Сонымен қатар БҰҰ Ұлттық бейімделу жоспарына енгізілген Қазақстандағы адам саудасын анықтау, тергеу және сотпен қудалау арасындағы олқылықтарға бағалау жүргізді; мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін инклюзивті саясатты әзірлеуге ықпал етті; және тиісті әлеуметтік бағдарланған жобалар үшін краудфандинг бастау үшін Краудфандинг академиясының қатысушыларына қолдау көрсетті.

Негізгі сын-қатерлер:

- Мемлекеттік органдардағы кадрлар тұрақтамауының жиілігі.
- COVID-19 күреске байланысты міндеттердің бірінші кезектілігіне байланысты мемлекеттік органдардың баяу әрекет етуі.
- Жоспарланған бастамаларды іске асыру үшін донорлық қолдаудың шектеулі болуы.



Жалпы шығындар:

\$6.66 млн



ТДМ қолдау:



Түпкі нәтижеге қол жеткізуге қатысатын БҰҰ агенттіктері:



ТҮПКІ НӘТИЖЕ 3.1.

Өндірістік әлеуетті, дағдыларды және тең мүмкіндіктерді нығайта отырып, инклюзивті, төзімді және тұрақты экономикалық даму



4 000

осал жастар әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жобаларының нәтижелерін пайдаланды



50

ауған әйелі Қазақстан мен Өзбекстанда оқуын жалғастыру үшін шәкіртақы алды



44

жеке коучинг-миссия шағын дәне орта кәсіпорындар үшін өткізілді



3

Әйелдер кәсіпкерлігінің орталығы ашылды



314

өнім Саудаға жәрдемдесу порталына енгізілген



Жастар, кәсіпкер әйелдер, шағын және орта кәсіпорындар (ШОК), мұражай қызметкерлері, ауыл шаруашылық қожалықтары, ҰЕҰ қызметкерлері, мәдениет саласындағы сарапшылар, дүниежүзілік мұра объектілерінің басшылары және мемлекеттік қызметшілер үшін секторларды әртараптандыру және апаттар қаупін азайту, гендерлік факторларды және цифрлық дағдыларды ескере отырып, сауда-саттыққа жәрдемдесу сияқты әртүрлі тақырыптар бойынша әлеуетті арттыру жөніндегі тренингтер мен вебинарлар ұйымдастырылды. Сонымен қатар трансшекаралық басқару бойынша оқу бағдарламасы үшін виртуалды оқу кеңістігі құрылды және осы платформаға төрт курс (сауда ережелері, экспорт үрдісі, ЕО нарығының талаптары және сапа мен сәйкестік стандарттары) жүктелді.

150 астам кәсіпкер шағын кредит алды, ал 39 ауыл кәсіпкері 521000 АҚШ доллары көлемінде тұрақты бизнес ашуға қаржыландыру алды. БҰҰ сондай-ақ қаржылық сауаттылық пен ақша аударымдарын басқару саясатына талдау жүргізді және Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын және Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеуге техникалық көмек көрсетті – екі жобаны да Үкімет 2021 жылы бекітті.

2021 жыл ішінде БҰҰ ДСҰ-ның Сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі келісімін іске асыру бойынша Қазақстанның әлеуетін нығайтуға ықпал етті және өңірдегі кеден қызметтеріне сауда рәсімдерін оңайлатуға көмек көрсетті. Оған қоса БҰҰ Қазақстан үшін Саудаға жәрдемдесудің ұлттық порталын құрды. Қазіргі уақытта оған 314 тауар енгізілген (немесе ШОК қарқынды қатысатын салалардағы барлық трансшекаралық операциялардың 12,14% жуығы).

Сондай-ақ БҰҰ Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне заңды саудаға барынша аз араласу әдістемесі шеңберінде қылмыстарды, сыбайлас жемқорлық пен есірткінің заңсыз айналымын анықтау, тергеу және соттық қудалау үшін Алматы әуежайында жүк авиатасымалдарын бақылаудың жаңа бөлімін құру бойынша техникалық көмек көрсетті.

БҰҰ техникалық қолдауымен Қазақстан әйелдер мен қыздардың мүдделерінде нақты және қайта құрушы өзгерістерді жүзеге асыру үшін экономикалық әділеттілік пен әйелдер

құқықтары бойынша «Теңдік буыны» іс-қимыл коалициясына қосылды. Сонымен қатар, 16 кәсіпкер әйел Қазақстанда әйелдер бизнесін қолдау үшін қаржылық өнімдер мен электрондық сауданы әзірлеу бойынша бастамаға өз үлестерін қосты.

БҰҰ Қостанай инженерлік-экономикалық университетімен серіктестікте цифрлық дағдыларды дамыту бойынша кешенді бағдарламаны іске асыруды бастады. 5-8 сыныптардың 300 жуық оқушысы интернеттегі балалардың қауіпсіздік ережелерімен танысып, өздерінің цифрлық дағдыларын жақсартты.

Негізгі сын-қатерлер:

- Далалық миссиялар мен іс-шараларды ұйымдастыруға қатысты COVID-19 қатысты тыйымдар мен шектеулер.
- Қатысушылардың онлайн кездесулерден шаршауы.
- Ұлттық серіктестер табысты пилоттық іс-шаралар ауқымын кеңейту бойынша өздерінің күш-жігерінде үлкен қолдау мен ынталандыруды қажет етеді.

Краудфандинг академиясы ҰЕҰ мүмкіндіктерін кеңейтуде

БҰҰ қолдау көрсететін Tadamon краудфандинг академиясының арқасында «Кішкентай» жобасының негізін қалаушы Гүлмира Пармышева COVID-19 шектеулеріне қарамастан, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтуға арналған экоойыншықтар желісін өндіруді жалғастыра және тіпті кеңейте алды. Індет кезінде көптеген ҰЕҰ үшін қаржыландырудың балама көзі краудфандинг болды, өйткені ол қаржы құралдарына икемді, жылдам және сенімді қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Тренинг барысында ұлттық және халықаралық сарапшылар 29 ұйымға қаржыландыру алу, өз жобаларының танымалдығын арттыру және донорлар, серіктестер және бенефициарлармен қарым-қатынасты реттеуге көмектесті. «Tadamon академиясына қатысу бізді үнемі жаңа жолдарды іздеуге және коммуникациялық стратегияны әзірлеуге үйретті. Біз сондай-ақ біздің жағдайға қызығушылық танытқан тәлімгерлер командасынан қолдау алдық», - дейді Гүлмира. «Ал барлық ұй тапсырмалары бізді супер батырларға іспеттес жасады».



Жалпы шығындар: **\$2 млн**

ТДМ қолдау:



Түпкі нәтижеге қол жеткізуге қатысатын БҰҰ агенттіктері:



ТҮПКІ НӘТИЖЕ 3.2:

Климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны орнықты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандардың тұрақты дамуы



10 000

адам маусымдық қауіптерді анықтау және осыған байланысты шығындарды азайту бойынша дайындықтан өтті



Қорғалатын жерлердің ауданы жердің жалпы ауданының

9.65 %

дейін ұлғайды



Климаттық осалдықты төмендету бойынша бес жылдық өңірлік жоба іске қосылды



Жаңа мемлекеттік ұлттық табиғи парк құрылды

Қоршаған ортаны тұрақты басқаруды арттыру және тұрақты дамуды қолдау мақсатында БҰҰ су ресурстарымен байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында ғалымдар мен мемлекеттік лауазымды тұлғалардың әлеуетін арттыруға; ауа райы мен климат мониторингі саласындағы өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты кеңейтуге; климаттық оңтайландырылған ауыл шаруашылығы технологиялары мен жер ресурстарын тұрақты басқаруға тәсілдердің ауқымын ұлғайтуға; сондай-ақ энергетикалық және су ресурстарын тұрақты басқарумен және мониторингілеумен байланысты деректерді жинауға ықпал етті.

БҰҰ «Жасыл Қазақстан» жобасын, ұлттық деңгейде айқындалатын жаңартылған салымдарға бейімдеу жөніндегі бөлімді және биоалуантүрліліктің жоғалуын өтеу жөніндегі заңнамалық ұсыныстарды әзірлеуді қолдады және жаңа Экологиялық кодексті енгізу мақсатында Қазақстанға ұлттық жүйелерінің талаптарына сәйкес келетін стратегиялық экологиялық бағалауды (СЭБ) және қоршаған ортаға әсерді бағалауды (ҚОӘБ) құруға қолдау көрсетті.

708 мемлекеттік қызметші «Жасыл экономика бойынша іс-қимылдарға арналған әріптестік» (PAGE) бағдарламасы шеңберінде «Тұрақты қалпына келтіру: COVID-19 кейін жасыл, төмен көміртекті және тұйық (көп айналымды) экономика үшін мүмкіндіктер» тақырыбы бойынша оқудан өтті. БҰҰ сондай-ақ Жасыл экономика тұжырымдамасын қайта қарауды және 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму стратегиясын қабылдауды қолдады.

Осыдан басқа БҰҰ энергетикалық жүйелердің өнімділігін арттыруды және өнеркәсіпті декарбонизациялауды қолдау үшін саясат нұсқаларын айқындау; тұрақты және таза энергетиканы дамытуды талдау; және Қазақстандағы апаттар қаупін төмендету жүйелеріндегі ұлттық заңнама мен мүдделі тараптарды талдау бойынша зерттеулер жүргізді.

2021 жылғы сәуірде БҰҰ жетілдірілген мониторинг, ерте ескертудің озық жүйелері және талдамалық мүмкіндіктер мен ден қою

шараларын жақсарту арқылы климаттың өзгеруіне бейімделуді күшейтуге бағытталған «Климаттың өзгеруі жағдайында мұзды көлдердің бұзылуынан (МКБ) Орталық Азия өңіріндегі халықтың осалдығын төмендету» бес жылдық өңірлік жобасын іске қосты.

Сондай-ақ БҰҰ қауіптерді төмендету бойынша инвестицияларды және басқа да қаржы құралдарын ұсынды, олардың көмегімен көмірқышқыл газы шығарындыларын 70000 тонна деңгейінде ықтимал қысқартатын күн электр станциясы салынды және Қазақстанда алғашқы «жасыл» облигациялар шығарылды (күн электр станциясын салуға 500000 АҚШ доллары).

Негізгі сын-қатерлер:

- Белгілі бір саяси шаралар мен ережелерді әзірлеуді қиын ететін Үкіметтегі институционалдық қайта құру, өйткені тиісті құқықтық өкілеттіктер бір мемлекеттік органнан екіншісіне беріледі.
- COVID-19 байланысты сапарларға шектеулер.

Су ресурстарын қалпына келтіру

Бәйтерек ауылдық ауданы фермерлері көп жылдар бойы суаруға байланысты қиыншылықтар көрді, бірақ Ғаламдық экологиялық қордың (ФЭК) қаржылық қолдауы арқасында БҰҰ аса маңызды тоғандарды қайта жаңартуды жүзеге асырып, су үнемдеу технологиялары саласында әлеует құра алды. Енді 300 астам фермер жазда суаруды ең көп қажет ететін кезеңде де суға үздіксіз қол жеткізе алады.

Оқыту мен заманауи жабдықтардың арқасында фермерлер суарудың ысырапшыл әдістерінен бас тартып, тұрақты ирригациялық жүйелер құрып, су сатып алуда 20% дейін үнемдей алды. Сонымен қатар 1400 гектардан астам жер айналымға енгізілді. «Фермерлер су беруді реттеуге мүмкіндік алғаннан кейін, олар өздері өсіретін дақылдарды нарық қажеттіліктеріне қарай түрлендіре алды», - дейді Марғұлан ауылдық тұтыну кооперативінің фермері және төрайымы Звоида Оразбақова.



Жалпы шығындар:

\$4.77 млн



ТДМ қолдау:



Түпкі нәтижеге қол жеткізуге қатысатын БҰҰ агенттіктері:



«Ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидатын іске асырудағы прогресс

Қазақстандағы БҰҰ ТДМ іске асыру кезінде «ешкімді назардан тыс қалдырмауға» ерекше назар аударады. Бұл міндеттеме 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Күн тәртібінің негізгі элементі болып табылады және Қазақстандағы елеулі өңірлік айырмашылықтар теңсіздік мәселесін шешу үшін сындарлы проблемалар туғызатын жағдайларда БҰҰ ТДМ-да басымдық ретінде айқындалды.

Еңбек нарығы құрамындағы және білім беру саласындағы әйелдер санының көптігіне қарамастан, Қазақстанда әйелдер белгілі бір кәсіптерді игере алмауы, ана болу немесе отбасы жағдайы себебінен кемсіту, сондай-ақ еңбекақы төлеудегі айырмашылықты қоса алғанда, кемсітушілікке ұшырауын жалғастыруда. Әйелдер көбінесе ақы төленбейтін үй жұмысы мен өзінің ресми жұмысы арасында екі ауыртпалық көтереді, бұл ретте әйелдер орташа есеппен ерлер алатын орташа

жалақының 67,8% ғана алады. Экономикалық қатысудың неғұрлым төмен болуына және әйелдердің шектеулі мүмкіндіктеріне байланысты Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның 2021 жылғы Жаһандық гендерлік алшақтық индексіне 2020 жылғы 72-орыннан 2021 жылы 80-орынға дейін сегіз пунктке төмендеді.

Мүгедектігі бар адамдарға (МБА) келетін болсақ, негізгі мәселелердің арасында стигма, дискриминация және институционализацияның болмауы, сондай-ақ МБА қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ақпарат пен инфрақұрылымды бейімдеудегі олқылықтар орын алуда.

Жастардың жаһандық даму индексіне Қазақстан 2020 жылы 181 елдің ішінде 70-ші орынға ие болды. Балалар мен жасөспірімдердің 100% жуығы мектепке баратынына қарамастан, Қазақстанның білім беру жүйесі белгілі бір



проблемаларға тап болады. Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, COVID-19 басталғанға дейін 10 оқушының 6-сы функционалды сауатсыз болған, бұл ретте пандемия тағы 100000 адамның сауатсыздығына әкелуі мүмкін. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша пандемия нәтижесінде Оқушылардың үлгерімін халықаралық бағалау бағдарламасының (PISA) шкаласы бойынша оқу көрсеткіштері сегіз пунктке төмендейді. Сонымен қатар мектептердің қысқа уақытқа жабылуы кедей және бай отбасылардың балалары арасындағы оқу үлгерімінің алшақтығын 18% арттыруы мүмкін.

PISA төмен көрсеткіштері, өз кезегінде, Үкіметтің ТДМ мен «Қазақстан 2050» Даму стратегиясына қол жеткізуде қосымша қиындықтарға тап болатынын айғақтауы мүмкін. Нәтижесінде халықтың ең осал топтары «назардан тыс қалуы» ықтимал.

Интернетке мобильді және тіркелген кең жолақты қолжетімділіктің құны 2023 жылға арналған тұрақты даму үшін БҰҰ кең жолақты байланыс жөніндегі комиссиясы белгілеген

қолжетімділіктің нысаналы көрсеткішінен төмен және екі түрі де халықтың ең кедей топтарының 20% үшін қолжетімді. Алайда кең жолақты қолжетімділік жылдамдығы төмен болып қалуда, сонымен қатар Қазақстан халқы тығыздығының төмендігі де кедергі болып отыр. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы стационарлық және ұтқыр кең жолақты желілерді өрістету арқылы инфрақұрылымды кеңейтуге бағытталған, ал «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» жаңа ұлттық жобасы 2025 жылға дейін ұзартылды.

2021 жылы БҰҰ кедейліктің ақшалай көрсеткіштерін толықтыру және саясатты әзірлеуге басшылық ету мақсатында көп өлшемді кедейлік статистикасын әзірлеуге техникалық қолдау көрсетті. БҰҰ сондай-ақ Ұлттық статистика бюросының (ҰСБ) мамандары үшін әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық (ӘҚЗ) мәселесі бойынша 2022 жылғы зерттеу әдістемесін әзірледі және ҰСБ-ға халықаралық стандарттарға сәйкес ӘҚЗ таралуын ұлттық зерттеудің бірінші кезеңін бастауға көмек көрсетті.





2.3 Әріптестікті қолдау және 2030 жылға дейінгі Күн тәртібін қаржыландыру

Біріккен Ұлттар Ұйымы да, Үкімет те 2030 жылға дейінгі Күн тәртібіндегі ТДМ мен басымдықтарды іске асыруды қоса алғанда, қолданыстағы стратегиялық шеңберлерді барынша жақсы іске асыру үшін ресурстар мен серіктестерді, әсіресе жеке сектордан әртараптандырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Тиімділікті арттыру мүмкін ағымдағы және жаңа серіктестіктерді анықтау және қаржылық және саяси қолдау көздерін іздеу Қазақстандағы БҰҰ жүйесі үшін өмірлік маңызы бар болып табылады.

Интеграцияланған ұлттық қаржы құрылымын әзірлеу жолында ТДМ-мен саясатты және қаржыландыруды келісу жөніндегі бірлескен бағдарлама Қазақстан Үкіметіне қолдау көрсетуді жалғастырды.

Бірлескен бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Үкімет келесі нәтижеге қол жеткізе алады деп күтілуде:

- ТДМ-ға қол жеткізу жолында Қазақстан бетпест келіп отырған қаржы жетіспеушілігі мен білімдегі олқылықтардың түрлері мен ауқымын анықтау және оларды секторалдық саясат және қаржыландыру тәсілдерімен келістіру.
- Балалардың гендерлік мәселелері мен мүдделерін есепке алуға ерекше назар аудара отырып, ТДМ бюджетін эксперименттік негізде жасау.
- Барлық қаржылық және қаржылық емес қаражаттың ТДМ-ға әсер етуі мен келісуіне қатысты ашықтық пен есептілікті арттыру.
- Секторалдық қаржыландыру саясатын негіздеу үшін мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы диалогтың қолданыстағы тетіктерін жүйелеу.

Жоба жалпы басшылығы құрамына Премьер-Министр Кеңесі, Ұлттық экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Білім министрлігі, Азия даму банкі, Еуропалық Одақ және Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдері кіретін Бірлескен бағдарлама Басқарушы комитеті жүзеге асырады. Бірлескен бағдарлама институционалдық үйлестіруді одан әрі нығайтуға және үкіметтік деңгейде шешімдер қабылдауға ықпал етті. Бағдарлама арқасында стратегиялық және бюджеттік жоспарлауды ТДМ-мен келісу процесін қолдау жөніндегі кейбір маңызды бастамалар мүмкін болды.

Мысалы, Экономикалық зерттеулер институты (ERI) БҰҰ техникалық қолдауымен ТДМ-ды әртүрлі ТДМ арасында мемлекеттік қаржыландыруды бөлуді анықтауға мүмкіндік беретін ұлттық бюджеттеу жүйесіне интеграциялау үшін маңызды құралдарды әзірледі. Үкіметтің климаттың өзгеруі саласындағы іс-қимыл бағдарламасын қолдау үшін 2021 жылдың соңында ТДМ ескере отырып, климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі шараларды қаржыландыру стратегиясын әзірлеу үрдісі іске қосылды. Бұдан басқа Қазақстан Үкіметінің ТДМ ескеретін бюджеттеу жүйесіне толық көшуінің қадамдық алгоритмдерінен тұратын ТДМ бюджеттеудің жол картасы әзірленді. Осы компоненттердің әрқайсысы ТДМ қаржыландырудың тұтас стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Оған қоса 2021 жылы балалардың мүдделерін ескере отырып, бюджет жобасы әзірленді (балалардың мүддесіне орай ТДМ қаржыландыру тиімділігін мониторингілеу үшін балалардың мүдделеріне бағдарланған мемлекеттік қаржыны басқару жүйесі).

ТДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесінің 5-ші отырысы барысында ТДМ ұлттандырылған міндеттері мен көрсеткіштерінің тізімін Премьер-Министрдің орынбасары бекітті, ол сонымен қатар Кеңестің төрағасы болып табылады. Мемлекеттік органдар оларды стратегиялық жоспарлау жүйесіне енгізеді.

БҰҰ ТДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесінің хатшылығымен бірлесіп, гендерлік аспектілер мен балалардың мүдделеріне назар аудара

отырып, ТДМ бюджетін құру бойынша жұмысты бастады. Нәтижелер Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігіне ұсынылды. Әдістеме мемлекеттік органдармен бірлесіп пысықталып, ТДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесінің келесі отырысында ұсынылатын болады.

Бірлескен бағдарлама Үкіметтің қаржыландыру мүмкіндіктері өңірлер бойынша қалайша ерекшеленетінін көру үшін үш өңірде – Алматы (республикалық маңызы бар қала), Қарағанды (өнеркәсіптік қала) және Солтүстік Қазақстанда (ауыл шаруашылығы өңірі) дамуды қаржыландыруға жәрдемдесу бағдарламасының (DFA) «пилоттық» жобаларын Экономикалық зерттеулер институтының жаңғыртуын қоса алғанда, қаржыландыру жүйесін бақылау мен бағалау үшін баламалы құралдарды пайдалануына ықпал етті.

Бағдарлама бюджеті 1 млн АҚШ доллары болатын екі жылға (07/2020-06/2022) есептелген. Алайда, 2021 жылғы мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі реформаларға байланысты БҰҰ-ның қатысушы ұйымдары Бірлескен бағдарламаны 2022 жылдың соңына дейін ұзартуды сұрады.

Бірлескен бағдарламаға қосымша Еуропалық Одақ Өкілдігімен 2021 жылғы шілдеде Орталық



Азия үшін ТДМ саласында білім алмасудың өңірлік платформасын құруды қолдау туралы келісімге қол қойылды. ТДМ платформасы Орталық Азия елдері үкіметтерінің әлеуметтік-экономикалық саясаттың тиімділігін қадағалауға және ТДМ-мен келісілген саясатты қаржыландырудың кешенді ұлттық шеңберлеріне және ТДМ-ға қатысты осы саясатты түзету мүмкіндігіне жәрдемдеседі.

ТДМ бойынша екінші ұлттық шолуды дайындауда Үкіметке көмек көрсету мақсатында екінші Ерікті ұлттық шолуды қолдау бойынша ведомствоаралық мақсатты топ құрылды. Ерікті ұлттық шолудың құрылымы мен тұжырымдамасын Үкімет бекітті және қазіргі уақытта екінші шолу үшін қажетті деректерді жинау үшін мүдделі тараптармен ынтымақтастықтың басым мақсаттары мен тәсілдері жоспарында Қазақстанның даму стратегиясын ТДМ-мен келісуді талқылау жүргізілуде.

Қазақстанның халықаралық даму жөніндегі агенттігімен (ҚазЭйд) алғашқы байланыстар орнатылды және БҰҰ тарапынан қолдаудың неғұрлым тиімді жолдарын одан әрі талқылау жүргізілетін болады. Сондай-ақ 2021 жылы

Нұр-Сұлтан Әкімдігі БҰҰ-мен ынтымақтастықты үйлестіру бойынша байланысатын адамды тағайындады. Әкімдік «Қалаларды тұрақты ету» науқанына қосылуға дайын екенін білдірді және әкімдік, түрлі қалалық департаменттер мен салалық министрліктер өкілдерінен тұратын техникалық жұмыс тобы құрылды.

Сонымен қатар БҰҰ Дүниежүзілік банк және Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамымен (GIZ) әріптестікте ұлттық серіктестерге (Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі және «Жасыл Даму» АҚ) Париж келісімі шеңберінде ұлттық деңгейде айқындалатын салымдарды қайта қарауға қолдау көрсетті.

2021 жылғы қыркүйекте Корея Республикасының Үкіметі, Мемлекеттік қызмет саласындағы Астана хабы және БҰҰ мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметтер саласындағы басқару мен цифрлық шешімдерге инновациялық тәсілдер саласындағы әлеуетін құруға және білімін нығайтуға бағытталған Орталық Азия мен Кавказдағы мемлекеттік сектордағы цифрландыру және инновациялар жөніндегі өңірлік жобаны іске қосты.



2.4 БҰҰ-ның неғұрлым ауқымды және тиімді бірлескен жұмысының нәтижелері: БҰҰ келісімділігі, тиімділігі және нәтижелілігі

2021 жылы БҰҰ ЕТ мүшелері бірлескен жұмыстың тиімділігін және оның ел дамуының өзгеріп отырған басымдықтарымен келісімділігін арттыру бойынша күш-жігерін жалғастырды. Осы күш-жігерді қолдау үшін ведомствоаралық құрылымға бірқатар өзгерістер енгізілді. БҰҰ ТДЫНБ Нәтижелер бойынша топтардың өкілеттік саласы жыл бойы тұрақты және нақты ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында қайта қаралды.

Бірнеше жаңа ведомствоаралық және мақсатты топтар құрылды:



- **Гендер бойынша кеңейтілген тақырыптық топ:** Бұл топтың негізгі міндеті Үкімет, Қазақстандағы БҰҰ жүйесі, кең халықаралық қоғамдастық және басқа да әріптестер (қажеттілігіне қарай) арасындағы гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы ынтымақтастықты нығайту болып табылады.
- **БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясының (COP26) мекемеаралық нысаналы тобы:** 2021 жылғы маусымда COP26 байланысты жұмыс туралы жаңартылған ақпарат беру және ведомствоаралық бастамаларды талқылау үшін құрылды.
- **Ерікті ұлттық есеп жөніндегі мекемеаралық топ:** 2021 жылдың қыркүйегінде құрылған бұл топ 2022 жылдың шілдесінде Тұрақты даму жөніндегі жоғары деңгейдегі саяси форумда ұсыну үшін ерікті ұлттық есеп дайындауда Үкіметке қолдау көрсету үшін ведомствоаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етеді.
- **БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі тақырыптық тобы:** БҰҰ Бас хатшысының адам құқықтары саласындағы іс-қимылдарға үндеуіне сәйкес, бұл топтың міндеті адам құқықтары саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдауды, Қазақстандағы адам құқықтары саласындағы жобалар мен іс-шараларды іске асыруға қатысатын немесе қаржылық қолдау көрсететін БҰҰ агенттіктерінің тиісті іс-шаралары мен ақпараттық-түсіндіру күш-жігерін үйлестіру болып табылады.
- **Жыныстық қанаушылықтан және қорлаудан қорғау жөніндегі мақсатты топ (ЖҚЖҚ):** Бұл топ БҰҰ ЕТ-нің жыныстық қанаушылық пен зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге және мониторингілеуге жауап береді.
- **АИТВ/ЖҚТБ жөніндегі БҰҰ ЕТ тобы:** Бұл топ БҰҰ мен донорлардың АИТВ/ЖҚТБ саласындағы қызметін үйлестіреді.

Әкімшілік-шаруашылық қызмет стратегиясын іске асыру

БҰҰ ЕТ мүшелері БҰҰ-ның Алматы мен Нұр-Сұлтандағы кеңселері негізінде неғұрлым бірыңғай және үнемді қызметті қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс істеуде. БҰҰ ЕТ көбірек тиімділік пен шығындарды үнемдеуді қамтамасыз ету үшін әкімшілік-шаруашылық қызметті елдік деңгейде келісуді жалғастыруда.

Осы мақсатта 2020 жылы тамызда Қазақстандағы Әкімшілік-шаруашылық қызметтің 2.0 стратегиясын (ӘШҚС) әзірлеу аяқталды, сондай-ақ 2020-2021 жылдар кезеңіне арналған қызметтердің жаңа жалпы салалары айқындалды. Осыған байланысты Қазақстандағы БҰҰ ЕТ көптеген елдерден алда келеді, өйткені қызметтердің көптеген түрлері, соның ішінде ортақ кеңсе мен ортақ жүйелер және АКТ қызметтері сияқты жалпы әкімшілік қызметтер енгізілген. Жаһандық пандемиямен және тиісті шектеулермен байланысты қиындықтарға қарамастан, БҰҰ ЕТ 2021 жылы келесі қызметтерді толығымен жүзеге асыра алды, олар қатысушы агенттіктер үшін шығындарды одан әрі төмендетеді деп күтілуде:

- Ұзақ мерзімді шарттарға (ҰШ) арналған дерекқор
- Жалпы қызметтерді брондауға арналған қосымша
- Мобильді қызметтер көрсету бойынша ұзақ мерзімді шарт

Сондай-ақ БҰҰ-ның ортақ кеңселерінде қалдықтарды экологиялық қауіпсіз кәдеге жаратуға байланысты іс-шаралар жүзеге асырылуда. Оған қоса барлық агенттіктерге шығындарды үнемдеу, өңдеу уақытын қысқарту және осы қызметтердің тарифтерін келісуге мүмкіндік беретін сапарлар мен қонақ үйлерде тұруға байланысты қызметтерге арналған жаңа ұзақ мерзімді келісімшартқа қол қойылды.

Қазақстан үшін ӘШҚС 2.0-де белгіленген жалпы операциялық мәселелерден басқа, БҰҰ ЕТ Нұр-Сұлтандағы БҰҰ-ның кеңсесінің және мүгедектігі бар адамдар үшін БҰҰ-ның Алматыдағы кеңсесінің қолжетімділігін арттыру бойынша жұмысты бастады. Екі ғимаратты бағалау үшін техникалық тапсырма жасалды. 2022 жылы кеңсе ғимараттарын бағалауды және болашақ жақсартуларды жүргізуде операциялық мәселелер бойынша топқа қолдау көрсету үшін мүгедектігі бар адаммен толық емес жұмыс күніне арнайы келісімшарт жасалды.



БҚЖО өрістетуді

2021 жылы БҰҰ ЕТ Қазақстанда Бірлесіп қызмет көрсетудің жергілікті орталығын (БҚЖО) дамытуды бастады. Бұрын жалпы бэк-офис (ЖБО) деген атаумен белгілі БҚЖО орналасқан жеріне тәуелді, бағдарламаланбаған, ел деңгейіндегі бэк-офис қызметтеріне жатады. БҚЖО жұмысы бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етуге, бірінші кезекте, қызмет көрсету тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

БҰҰ ЕТ Дамуды үйлестіру басқармасымен (ДҮБ) өзара түсіністік туралы хатқа қол қойды, оған сәйкес Қазақстандағы БҰҰ агенттіктері елде БҚЖО енгізуді қолдауға міндеттенеді. Бұдан басқа БҰҰ ЕТ БҚЖО үшін деректер жинау бойынша дайындықтан өтетін БҰҰ-ның қатысушы агенттіктерінен БҚЖО мәселелері бойынша үйлестірушілерді тағайындады. 2022 жылы деректерді жинау аяқталғаннан кейін ДҮБ/БҚЖО тобы қызмет ауқымын анықтау, жұмыс жүктемесі мен функционалдық мүмкіндіктерді талдау, Қазақстандағы БҚЖО болашақ құрылымын және оның бюджетін әзірлеу, соның ішінде елдегі БҚЖО басқару үшін хостинг-ұйымды таңдау және шығындарды өтеудің тиісті тетігін әзірлеу бойынша іс-шара өткізеді.

Бірлескен коммуникациялар және ақпараттық-түсіндіру қызметі

2021 жылы коммуникация және ақпараттық-түсіндіру қызметі саласындағы күш-жігер БҰҰ ТДЫНБ-ны қолдауға бағытталды. 2021-2025 жылдарға арналған Коммуникациялық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша бірлескен стратегия және «бірыңғай БҰҰ» идеясын ведомствоаралық үйлестіру мен насихаттауды одан әрі нығайтуға ықпал еткен Коммуникациялардың жыл сайынғы бірлескен жоспары қабылданды.

Бірлескен коммуникациялық жоспарға БҰҰ-ның бірлескен ақпараттық іс-шараларын әзірлеу және адами және қаржылық ресурстарды біріктіру кірді. COVID-19 қауіптерінің төмендеуі және вакцинацияның артықшылықтары туралы, сондай-ақ БҰҰ-ның халықаралық күндері туралы хабардар ету тұрақты негізде жүзеге асырылды. Климаттың өзгеруі және COP26, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз, Нельсон Мандела күні, Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күн, «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» науқаны және Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына ерекше назар аударылды. Іс-шараларға БАҚ үшін байқаулар, Глазгодағы COP26 баспасөз туры, БҰҰ Моделі, «16 күн» науқанына арналған фотокөрме, танымал әнші Манижаның Қазақстанға сапары, сондай-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясының Төрағасы Волкан Бозкыр сияқты БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі лауазымды тұлғаларының сапарларын БАҚ-та жария ету кірді.

БҰҰ-ның Жастар стратегиясы 2030 бен ТДМ-ды қолдауды одан әрі күшейту үшін БҰҰ-ның коммуникациялық, ақпараттық-ағартушылық қызметі Қазақстан университеттерімен тығыз ынтымақтастықты да қамтыды. Мысалы, БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орналасқан.

Бұдан басқа ЮНАМА-ның Алматыға уақытша қоныс аударуы кезінде жергілікті БАҚ үйлестіру мен уақтылы өзара іс-қимыл жасауды және

баспасөз брифингтерін ұйымдастыруды қоса алғанда, дағдарыстық коммуникациялар жүзеге асырылды.

2021 жыл бойы БҰҰ ЕТ жергілікті БАҚ-пен ынтымақтастықты нығайтуға ерекше көңіл бөлді және Маңғыстау мен Түркістанға барған сапарларда өңірлік БАҚ және қоғамдастықтармен жұмыс істеді. БҰҰ Астана медиа апталығы және Еуразиялық медиафорумда негізгі баяндамашы ретінде кеңінен таныстырылды.

2021 жылы БҰҰ-ның Қазақстандағы қызметін дәстүрлі және әлеуметтік БАҚ-та жария ету деңгейі айтарлықтай өсті, соның нәтижесінде қараулардың жалпы саны 17 млн, ал аудиторияны қатыстыру коэффициенті - 941000 құрады.




2.5 Қаржылық шолу және ресурстарды жұмылдыру

2.5.1 Қаржылық шолу

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының аралық нәтижелері бойынша бөлінген 2021 жылға арналған қажетті және қолжетімді ресурстар мен шығыстардың жалпы сомасы (АҚШ долларымен)

БҰҰ ТДЫНБ аралық нәтижелері	Қажет	Қолжетімді	Шығыс
Түпкі нәтиже 1.1	8 989 452	5 564 302	6 373 172
Түпкі нәтиже 1.2	3 638 756	2 305 605	1 671 388
Түпкі нәтиже 2.1	2 622 313	2 582 313	2 224 844
Түпкі нәтиже 2.2	7 657 328	7 939 828	6 662 332
Түпкі нәтиже 3.1	4 199 524	4 259 524	2 009 544
Түпкі нәтиже 3.2	7 327 358	7 191 858	4 772 383
Жалпы	34 434 741	29 843 430	23 713 663



Агенттіктер бойынша бөлінген 2021 жылға арналған бюджет (АҚШ долларымен)

Агенттік	Барлығы қажет	Қолжетімді	2021 ж. шығыс
ФАО	1 194 350	1 254 350	798 602
ХҚҰ	2 177 036	1 657 036	1 331 961
ХСО	615 643	615 643	293 000
ХТО	149 900	149 900	135 500
АҚЖКБ	40 000	40 000	15 880
БҰҰ-әйелдер	883 853	873 853	475 378
ЮНЭЙДС	97 000	97 000	250 814
БҰҰДБ	15 858 521	15 858 521	1 357 7028
БҰҰ АҚТБ	96 000	96 000	96 000
БҰҰ ЕЭК	350 000	350 000	350 000
ЮНЕП	106 500	106 500	106 500
ЮНЕСКО	1 632 067	545 281	689 237
ЮНФПА	332 200	332 200	441 176
БҰҰ БЖКБ	1 029 771	1 029 771	1 075 604
ЮНИСЕФ	5 706 686	2 975 181	2 175 000
ЮНИДО	650 000	650 000	179 604
БҰҰ ЕҚБ	1 722 194	1 682 194	1 553 500
ДДСҰ	1 063 010	800 000	799 487
Жалпы	33 704 731	29 113 430	24 344 271

2.5.2 Ресурстарды жұмылдыру

Ағымдағы COVID-19 дағдарысы қазіргі Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының жүзеге асу барысына әсер етуі мүмкін бұрын-соңды болмаған салдарға әкелуі мүмкін. Донор елдердің даму мақсатында сыртқы көмек (ДСК) бюджеттерін сақтау үшін күш-жігер жұмсайтынына сендіргеніне қарамастан, Көмек ашықтығы жөніндегі халықаралық бастама шеңберінде хабарланған көмек көрсету жөніндегі екіжақты міндеттемелер 2021 жылдың алғашқы бес айында 2019 жылдың осы кезеңіне қарағанда шамамен 30% төмен болды. Кейбір ірі донор елдер COVID-19 байланысты дағдарысқа жауап ретінде халықаралық қолдау шараларын жариялады, алайда бұл дағдарысқа дейінгі ДСК деңгейін ұстап тұру үшін жеткіліксіз.

Сонымен қатар өңірде және, атап айтқанда, Қазақстанда климаттың өзгеруіне байланысты төтенше жағдайлар санының артуы (сондай-ақ осы дағдарыстардың күрделілігі мен ұзақтығы) дағдарыстарға ден қою және даму жөніндегі күш-жігерді ықпалдастыруды күшейтудің шұғыл қажеттілігін көрсетеді.

Осы мақсатта 2021 жылы БҰҰ Ресурстарды жұмылдырудың және серіктестікті құрудың жаңа стратегиясын жасауға зейін қойды, оған мыналар кіреді:

- Үкіметті оның саясаты мен қаржылық стратегияларын 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Күн тәртібімен келісуде және интеграцияланған ұлттық қаржы құрылымын (ИҰҚҚ) енгізу жолында қолдау.
- Стратегиялық серіктестермен қатынастарды кеңейту және тереңдету.
- Жаңа донорлармен қарым-қатынасқа инвестициялар.

- Халықаралық қаржы институттары және көпжақты қорлармен әріптестікті қоса алғанда қаржыландырудың жаңа ағындары есебінен жаһандық деңгейде донорлық базаны кеңейтуге ұмтылу.

- Стратегиялық қолдаушыларды жұмылдыру.

БҰҰ ЕТ Көпсеріктестік трасттық қордың (КСТҚ) тетігін пайдалана отырып, қаржыландыру мүмкіндіктерін табысты зерттеді. Қазақстандағы халықтың неғұрлым осал топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әлеуметтік қызметтер көрсетудің цифрлық моделін жеделдету жөніндегі ұсыныс COVID-19 қарсы күрес жөніндегі КСТҚ-дан 850000 АҚШ доллары мөлшерінде қаржыландыру алды. Сонымен қатар Көші-қон жөніндегі жаһандық шартты (КЖШ) іске асыруда Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметтерін қолдау бойынша Қазақстандағы БҰҰ-ның үйлестіруі кезінде БҰҰ-ның Орталық Азиядағы бес елдік топтың бірлескен ұсынысы көші-қон мәселелері жөніндегі КСТҚ-ны қаржыландыру бағдарламасына енгізілді.

БҰҰ өзінің мандаты мен қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Азия даму банкі және Еуропалық қайта құру және даму банкі сияқты көпжақты институттармен өзінің өзара іс-қимылын одан әрі нығайтуға ұмтылатын болады. Тұрақты екіжақты және көпжақты консультациялар арқылы ТДМ-ды қаржыландыруды қолдау үшін Еуропалық Одақ (ЕО), халықаралық қаржы даму институттары (ХҚДИ) және халықаралық қаржы институттарымен (ХҚИ) әріптестікті нығайту қажет.

3

КЕЛЕСІ ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БҰҰ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ



2021 жылдың аяқталуына қарай бірқатар көрсеткіштер Қазақстан дамуының оң бағытын айғақтады, алайда 2022 жылғы қаңтарда Үкіметтің сұйытылған газдың бағасын бақылауды тоқтатуынан кейін басталған қатты толқулар елдің көп өңірін қамтыды. Наразылықтар әсіресе елдің ең ірі қаласы және оның бұрынғы астанасы Алматыда кеңінен өрбіді. Бастапқыда бейбіт түрде өткен және тек экономикалық талаптарға қатысты болған демонстрациялар құқық қорғау органдарымен қақтығыстарға және әкімшілік және коммерциялық ғимараттарды тонауға айналды. 200 астам адам қайтыс болды, мыңдаған адамдар қамауға алынды.

Осы тәртіпсіздіктер аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев наразылықтардың түпкі себептерін жоюға бағытталған бірқатар мемлекеттік шараларды атап өтті.

Бұл ұсынылған стратегиялар әлеуметтік ұйымшылдықты нығайтуға қолдау көрсету; халық пен Үкімет арасындағы жемісті диалогты ынталандыру; мемлекеттік басқару реформасына және экономиканы әртараптандыруға жәрдемдесу; өңірлік теңсіздік проблемаларын шешу; заң үстемдігі мен адам құқықтарын нығайту; жастарды жұмыспен қамтуға және басқа да басым мәселелерді шешуге жәрдемдесу мақсатында БҰҰ Елдік тобы үшін өзара іс-қимылдың жаңа бағыттарын құрады.

Қаңтардағы тәртіпсіздіктер елдегі БҰҰ ЕТ құрылымының өзектілігін тағы да растады, ал өңірдегі геосаяси жағдай тұтастай алғанда даму үрдісінің күрделілігін көрсетеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы халық пен ел үшін тұрақты экономикалық даму жолында қызмет атқара отырып, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі олқылықтарды жою, сондай-ақ Қазақстандағы гендерлік теңдіктің күн тәртібін ілгерілету бойынша атқарған жұмысында елді қолдауды жалғастырады.



АВТОРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚҰҚЫҚТАР

Редактор: Хэзер Бурбо

Дизайн және беттеу: Julie Pudlowski Consulting

Фото: © Оспан Әли; © Қазақстандағы БҰҰ;

© ЮНИСЕФ; © ЮНЕСКО; © БҰҰДБ

© 2022 Қазақстандағы БҰҰ





**UNITED
NATIONS
KAZAKHSTAN**

Қазақстан Республикасындағы
БҰҰ Тұрақты үйлестірушісі кеңсесі
Мекенжайы: Ә. Мәмбетов к-сі 14,
Z11D8T7, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Тел: +7 (7172) 696550
Email: rcs-kz@un.org

 kazakhstan.un.org

 @uninkazakhstan

 @uninkazakhstan

 @uninkazakhstan

